

1. Отчеты ТОО «Барит» за 2008 и 2009 года
2. www.mining.kz – Казахстанский горнопромышленный портал

\*\*\*

Тау-кен өнеркәсібінде жұмыс істейтін компанияның қаржылық есебіне талдау жүргізілді. Осы салаға тән мәселелер анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды.

\*\*\*

Financial statements of a company operating in mining field were analyzed. The main problems of this industry were defined and solutions offered.

*С.Б. Баймұханова*

## **ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Тамақ өнеркәсібі ұйымдарының экономикалық өсуі бәсекелестікті күшейтумен қоса жүргізіледі, бұған көптеген ірі өндірушілер дайын болмады, бұл өнім көлемінің кемуіне жол берді. Жақсы жағдайда өнім өндіруді тұтынушылардың сұраныстарына байланысты өзгертіп және тәртіпке келтіріп, реттеп отырған компаниялар ғана бола алды. Тамақ өнеркәсібі ұйымдарының даму стратегиясы бәсекелестік артықшылықты қалыптастыруға бейімделген болу керек. Бәсекелестік артықшылықтың жоғарғы сатысына патенттелген технология екендігін ескере отыра, бірегей өнім негізінде дифференциация жасау, персоналдардың жоғары кәсіби және басқа да факторлар, бәсекелестік артықшылықты ұстау және құрудың негізгі көзі өндірістің тұрақты инновациялық дамуы мен жаңартылуы болып табылады (1-сурет).


Сонымен, мемлекетіміздің экономикасының дамуы және халықтардың әл-ауқаты деңгейінің жақсаруы кондитерлік өнімге деген сұраныстың артуына әкеледі, бұл өз кезегінде, кондитерлік өнім өндірісі көлемін ұлғайтады.

Кондитерлік өнім нарығының даму потенциалы мен өсу жағдайын кешенді талдау негізінде салалық кәсіпорындарда кездесетін негізгі проблемалар айқындалды: шикізаттар мен материалдар алу үшін айналым капиталының шектеулігі; кәсіпорындардың техникалық және технологиялық қайта жабдықтау жөніндегі өз инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыру көздерінің шектеулігі; ішкі нарықта төменгі бағадағы импортталған кондитерлік өнім көлемінің көптігі; экспорттың дамуын тежейтін объективті экономикалық факторлардың болуы; қазіргі Қазақстанда өндірілмейтін және өсірілмейтін шикізаттар және теңдесі жоқ технологиялық жабдықтар баж салығы; негізгі шикізаттар, энергия тасымалдаушылар бағаларының, транспорттық шығындардың артуы.

Осы аталған проблемаларды ескере отырып, тамақ өнеркәсібі, оның ішінде зерттеліп отырған кондитерлік өнім өндіруші ұйымдардың негізгі даму бағыты есебінде төмендегілерді бөліп айтуға болады:

- сату-делдалдық операцияларға байланысты жіберілген пайда бөлігін қайтару;
- кондитерлік өнім тапшы регион нарығына шығу;
- нарықтан импорттаушыларды ығыстырып және экспорттық сатылуды көбейту;
- нарықта сұранушылардың перспективалық ұзақ мерзімді потенциалды тұтынушылар қатарын пайдалану.

Экономиканың әртараптандыру мен жаңарту, бәсекеге қабілетті өнімнің негізгі түрлерін өндіру мен экспорттың өсуі үшін жағдай жасау негізінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясы қабылданды.



1 сурет – Кондитер өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың стратегиялық бағыты

Ескерту – Әдебиет көздерін зерттеу негізінде автор тарапынан құрылған

Стратегияның негізгі мақсаты шикізатты бағытталудан бас тартуға көмектесетін экономика салаларын әртараптандыру, ұзақ мерзімді уақытта қызметті-инновациялық экономикаға көшу үшін жағдай дайындау жолдарымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу болып табылады.

Тамақ өнеркәсібінде және қызмет саласында бәсекеге қабілетті және экспортты бағытталған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіру мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатының негізгі тапсырмасы болып табылады.

Әлемдік азық-түлік өндірушілерінің кеңейіп отырған өткізу нарығы үшін бәсекелестік күрестің күшеюі отандық өнімдердің бәсекелестікке қабілеттілігі мәселесін қиындатады.

XXI ғасырда ауыспалы экономикалы елдерде нарықтық қатынастар дамуының мәселелері арасында ерекше орынды алатын әлемдік экономикаға бейімделу мәселесі болып табылады. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа Жолдауында анықталған стратегиялық басымдықтарға сәйкес елдің ұзақ мерзімді келешектегі дамуында екі ұстанымдық қағидалар негізінде экономикалық өсуді қамтамасыз ету тапсырмасын орындау қажет: біріншіден, ұлттық экономиканың одан әрі ашық болуын және, екіншіден, Қазақстанның ерекше геополитикалық артықшылықтарын (көптеген ірі нарықтар арасындағы «байланыстырушы буын» ретінде) пайдалануды қамтамасыз ету [1].

Трансұлттық монополиялар мен интеграциялық одақтар құру негізінде бүкіл әлемдік жүйенің өндірісін қоғамдандырудың жаңа сатысына әкелген қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрестің дамуы халықаралық еңбек бөлінісі үшін сапалы жаңа жағдайлар жасады. Бұл жағдайлар, М.Б. Кенжегузин атап өткендей, тауарлардың қарапайым алмасуы мен жеке капиталдың өсуі үшін шектеу қояды, бірақ еларалық технологиялармен алмасу мен маманданудың даму мүмкіндіктерін кеңейтеді [2; 264 б.]. Осылайша, Қазақстанның әлемдік шаруашылық жүйеге кіруі мен бейімделуі мәселесі кеңірек жазықтық – геэкономикалық жазықтықта жатыр. Осыдан, қазақстандық экономиканың әлемдік шаруашылық қатынастарға бейімделу механизмдерін іздеуді сыртқы сауда қатынастары саласында бейімделу механизмдерімен шектеген дұрыс емес. Берілген жүйе ұлттық қайта өндірудің әлемдік қайта өндіру кезеңдерімен келісімдеудің қолайлы деңгейін қамтамасыз етуге

мүмкіндік беретін «қайта өндіру блогының» барлық механизмдерінен тұру керек. Берілген стратегиялық бағыттамаға сүйене отырып, біздің елдің алдыңғы жылдардағы негізгі тапсырмасы - өзінің маңыздылығы бойынша ұлттық экономиканың ішкі әлуетін әлемдік шаруашылық жүйенің өз бетінше органикалық бөлігі ретінде ең толық ашатын отандық экономика салаларын басымды дамыту болып табылады. Бұл жағдайда, сөз тек сыртқы экономикалық қызметті дамыту туралы ғана емес, сонымен бірге, ұлттық экономиканың әлемдік өндірістік үрдістермен өзара әрекеттестігі туралы болып отыр. Осыған байланысты, республиканың әлемдік нарықтағы жайғасымын нығайтуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті ұлттық өндірісті құру мәселелері ерекше өзекті болып табылады.

Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономикалық тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өсуші жаһандану үрдістерінің, Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға бірігу бағытының жағдайларында азаматтардың әл-ауқатының артуы біздің мемлекеттің келешек дамуының басты стратегиялық бағыттама болып табылады [3; 4].

Республиканың экономикалық әлуетін жан-жақты және жеделдетілген өсуі бойынша ел басшылығы қойған тапсырмалардың сөзсіз өзектілігі «бәсекеге қабілеттілік», «индустриалды-инновациялық даму», «экономикалық қауіпсіздік» және т.б. дамушы қазақстандық экономика үшін сапалы жаңа ұғымдарды теориялық, сонымен қатар, тәжірибелік жоспарда нақтылап зерттеу қажеттігін тудырды.

Республиканың тамақ өнеркәсібінің қазіргі заманғы жағдайын талдай отырып, өңдеу өндірісі саласындағы жағымды өзгерістерге қарамастан, Қазақстан экономикасы, әлі де, негізінен ауылшаруашылық және минералды-шикізатты секторларға негізделгенін айта кету керек.

Қалыптасқан жағдайда, ХХІ ғасырдың 1990 жылдары ақталған шикізатты максималды шығару саясатын жалғастыру Қазақстанның шикізатты (колониалды) мамандануының нығаюын білдіретін факт айқын көрініп тұр, ал әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, шикізат саласы дамушы елдер тұрмақ, тіпті индустриалды дамыған елдер арасында жалпылама бәсекелестік орталығы болып саналмайды [5; Б. 87-90].

Қазақстан қазіргі сатыда жаңа экономикалық саясатты қалыптастыруда, ол жоғары қосылған құны бар өнімдерді өндіру мен экспорттау есебінен ұзақ уақытты тұрақты экономикалық дамуы үшін қажетті алғышарттарды құрумен, әртараптандырылған бәсекеге қабілетті өнеркәсіпті құру мен қызметті-технологиялық экономикаға көшу үшін жағдайлар дайындаумен сипатталады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бәсекеге қабілеттілік кез-келген елдің экономикасының дамуының ерекше маңызды факторы және шаруашылық кешенінің ең жақсы экономикалық көрсеткіші болып табылады.

Бәсекеге қабілетті экономиканы құруда сәттілікке жету қажетті әлуетті жинақтауға мүмкіндік беретін бірқатар сатыдан өтумен сипатталады.

Өзгерулердің бастапқы сатысында тұрған елдер бәсекеге қабілетті тауарларды өндіретін салалардың тар шеңберінің болуымен сипатталады. Бәсекелестік артықшылықтарына негізінен табиғи қорлар және арзан жұмыс күші сияқты негізгі факторлар есебінен қол жеткізіледі [6; Б.4-7]. Бұнда, жоғары технологиялардың болмауы төмен бағамен өтеледі. Сыртқы нарыққа шығу жаңа технологияларды жеткізетін немесе кейде басқарушылық бернелерді атқаратын шетелдік серіктестермен біріккен кәсіпорындарды құру арқылы жасалады.

Жоғары технологиялардың болмауы және экспорттық өнім түрлерінің шектелгендігі экономиканы әлемдік конъюктураның құбылыстарына өте сезімтал қылады. Бұндай экономика қазіргі жағдайларда сәттілікке жетпейді. Бұл кеңестік заманнан кейінгі жаңа тәуелсіз елдердің мысалында көрініп тұр, бұл кезде шикізатты өндірістерге екпін жасау сәттілік әкелмеді. Бірінші сатыда тұрған елдер тобына дамушы елдердің көбісін жатқызуға болады, алайда бұл сатыны өзінің дамуында индустриалды дамыған елдер де басынан кешірді.

Бәсекелестікке қабілеттің әлуетін жинақтаудың екінші сатысында сәттілік экономиканың өндірісті кеңейтуге, оның технологиялық қайта қарулануына инвестициялау

мүмкіндіктеріне тәуелді. Қолданып отырған технология әрқашанда қазіргі заманғы емес, бірақ ел мүмкіндіктеріне жеткілікті дамыған және бейімделген. Қолданылып отырған технологияны жақсарту қабілеті – берілген сатыда ел сәттілігінің бағасы осы. Бұл тапсырманы орындау өндіріс пен экономиканың ашықтығын арттырудың әлемдік жүйесіне тығызырақ ену көрінісінде ішкі нарықта меншікті өндірістің тауарларының бәсекеге қабілеттілігін біртіндеп сыртқы нарыққа шығумен бірге қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшінші саты жаңа технологияларды пайдалануды ғана емес, олардың әзірленуі мен таралуын көздейді, бұл ел экономикасының қайсыбір кемшіліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Бұл сатыда ғылыми сыйымдылықты өндірістерде және машина жасау салаларында бәсекелестікке қабілеттілікті кеңейту, материалды емес өндіріс саласының дамуы (қаржылық, делдалдық және басқа қызмет түрлері), трансұлттық корпорациялардың санының артуы ел жетістіктерінің көрсеткіші болып табылады. Үшінші сатыға жетудің көрнекті мысалы индустриалды дамыған елдер – АҚШ, Германия, Франция бола алады.

Егер жоғарыда аталған сипаттамаларды Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің анықтамасы үшін қолдансақ, біздің ойымызша, ол бірінші сатыда тұрған елдерге жатады.

Тәуелсіздікті алғаннан бері Қазақстанның дамуында оның экономикасының шикізатты бағытталуы, алдында айтылғандай, одан әрі тарылды. Бүгінгі күнде республика бәсекеге қабілетті тауарлар өндіретін салалардың тар шеңберімен сипатталатын сатыда тұр. Жалпылама қабылданған өлшеулер бойынша, саланың үлесіне әлемдік экспорттың 25-30% келетін болса, ол бәсекеге қабілетті болып саналады.

Біршама ірі өндірістік кешеннің болуына қарамастан, өндіріс құрылымының біржақтылығынан Қазақстанға сыртқы, сонымен қатар ішкі нарықта бәсекелестікке қабілетті болу қиын. Отандық өнеркәсіптік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне материалды өндіріс әлемінде қалыптасқан нақты жағдайларды есепке ала отырып, объективті қарау керек. Өнеркәсіптің нақты секторының көтерілуіне көмектесетін шаралар кешендері арасында «2010 жылы Қазақстан Республикасының дамуының Стратегиялық жоспарында» көрініс тапқан бағыттамалар ең адекватты болып табылады. Осы құжатқа сәйкес, өздерінің ішкі нарығында импортты тауарларға бәсекелес болудың және біртіндеп әлемдік нарықта орын табудың әлуатты қабілетіне сүйене отырып, ішкі бағытталудың салаларының үш блогы бөлінді: азық-түлік, мұнай-газ өңдеу өнеркәсіптері мен электро-энергетика кірген жоғары бәсекелесті; машина құрылысы мен құрылыс материалдары өнеркәсібі кіретін орташа бәсекелесті; жеңіл (мата-тігін, былғары-аяқ киімді) және ағаш өңдеу өнеркәсібі кіретін төмен бәсекелесті.

Бұл бағыттардың басты тапсырмасы:

Тамақ өнеркәсібі үшін: импортты алмастыратын өндірістің, азық-түлік нарығының жеке сегменттерінде экспорттың дамуы; саналы тауар протекционизмін жүргізу, ішкі нарықты әділетсіз бәсекелестіктен, демпингтен және субсидияланған экспорттан қорғау [7].

Берілген нормативті құжаттың әзірленуі мен қабылдауының, стратегиялық бағыттылығының тәжірибелік маңыздылығы сөзсіз. Нарықтық шаруашылық модельдің даму жағдайларында жоспарға орын жоқ деп санаған экономистердің кейбір бөлігінің бұрындағы белгілі пайымдамалары бүгінде ескірген. Қаншалықты таңғаларлық болса да, Батыс елдерінің нарықтық экономикасын құрудың дамыған жағдайларында өмір сүрген және соның негізінде әлемге белгілі болған дәл осы экономист-ғалымдардың өзі, адамзат тарихында «таза нарықтық экономика» болмаған және болмайды деп, сөз адамдардың шаруашылық қызметінің координациясының жоспарлы және нарықтық модельдерінің оңтайлы үйлесімі туралы болу керек деп бұлжытпай дәлелдеген еді. Рационалды тепе-теңдік пен макроэкономикалық тұрақтылықты қолдау мақсатында мемлекеттің әлеуметтік-шаруашылық үрдістеріне әкімшілік-экономикалық және ұйымдастырушылық-құқықтық араласуының негізгі түрі – экономиканың мемлекеттік реттеу механизмдерінің жүйесінде жоспарлаудың ролін нығайту қажеттілігін түсіне отырып, республикада соңғы жылдары халықтың өмір тіршілігінің түрлі аспектілерін қозғайтын дамудың стратегиялық жоспарын әзірлеу мен келесі сатылап енгізу мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде [8].

Алайда, интеграциялық үрдістердің ел экономикасына кіру қарқындарының өсуі қабылданған және қазіргі кезде сәтті жүзеге асырылып жатқан даму бағдарламаларымен қатар, мемлекет Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің нақты және қатаң бағытталған ұлттық саясатын әзірлеуді ғылым, бизнес және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің белсенді қатысуымен жүзеге асыру керек.

Басқа бірде-бір елде жоқтай, Қазақстанның бәсекеге қабілетті өнімді өндіру үшін және сол үшін экспорт пен импорттың құрылымын түбегейлі өзгерту үшін барлық қажет мүмкіндігі бар. Жасалып жатқан жұмыстың негізінде импорттың қысқаруына және отандық тауар өндірушілерді қолдауға септігін тигізетін шаралардан тұратын импортты алмастыру саясатының тұжырымдамасы жатыр. Шараларға келетін болсақ, қайта құру мен жаңа қуаттарды құру арқылы импортты алмастыратын өндірістерді жақсартуға мүмкін өндіріс салаларын нақты анықтау қажет. Сонымен бірге, қазақстандық нарықтың импорт үшін жабылуын болдырмау керек, себебі ол отандық өндірушілер үшін түрлі және жоғары сапалы болуға тиісті өздерінің өнімін жетілдіруге ынта болып табылады. Осы тапсырманы өзі үшін анықтай отырып, қазақстандық бәсекелестік ортасының сапасының әлемдік нарықтағы аналогтарының сапасымен біртіндеп жақындасуын жүргізу қажет.

Бұл тапсырмаларды орындау өндірістің әлемдік жүйесіне тығыз ену мен экономиканың ашықтығын арттыру аясында біртіндеп сыртқы нарыққа шығумен бірге, ішкі нарықта меншікті өндіріс өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Бәсекеге қабілеттілік» сипаттамаларын, оның нарықтық стратегия мен «кәсіпорынның икемді дамуы» сапалы жаңа экономикалық категориясымен өзара байланысын зерттеуді бастай отырып, бұл ұғымды қалай түсіну керектігін анықтап алу қажет.

Экономикалық ғылымда «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы пікір тартысарлық болып табылады. Бұл бәсекелестікке қабілеттілік пен оның анықтамаларындағы елеулі айырмашылықтардың болуына себеп болады. Бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін зерттей және олардағы ұғымдарды жүйелей отырып, біздің ойымызша ең қисынды және толыққанды анықтама К.А. Сагадиевпен оның соңғы жұмыстрының бірінде берілген: «ұлттың бәсекеге қабілеттілігі – бұл ұзақ уақыт бойы халықтың нақты табысын қолдай және арттыра отырып, халықаралық нарықтардың талаптарына сәйкес келетін тауарлар мен қызметтердің өндірісінде еркін нарықтық экономика жағдайларында елдің мүмкіндіктерінің деңгейі» [9; Б. 78-82].

Ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің ұғымын, әдетте, оның тиімді өндірістік-шаруашылық және коммерциялық қызметін қамтамасыз ете отырып, бәсекелестерге қарсы тұру, тұтынушыларды сақтау мен көбейту мүмкіндіктерін бағалаумен байланыстырады [10].

Тауардың бәсекеге қабілеттілігі, өз қатарына, М.И. Кныштің пікірінше, бұл берілген өнімнің нақты сатып алып жатқан тұтынушы үшін тартымдылығының деңгейі [11; 35 б.]. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі ұғымының мәнін аша отырып, К. Бейсембетовтың пікірінше, бәсекеге қабілеттілік – бұл тауардың бәсекелестің тауарынан оның нақты қоғамдық қажеттілігі, сонымен бірге, оны қанағаттандыру шығындары дәрежесі ретінде ажырататын сипаттамасы [12; Б. 47-51].

Ұсынылған анықтамаларды, жеке алғанда тауардың бәсекеге қабілеттілігін талдай отырып, анық болып тұрғаны – берілген экономикалық категория ретінде тауардың тұтынушының қажеттіліктеріне сәйкес болу, сатылу қабілеті. Бәсекеге қабілеттілік, сападан басқа, маркетингтік, коммерциялық және экономикалық құрамдастардан тұрады, олар тауарды тұтыну бағасын құрайды, бұл баға сатып алу бағасы болып табылмайды, тауардың пайдалану үрдісіндегі қолдану тиімділігін көрсетеді. Осылайша, тауардың бәсекеге қабілеттілігі – жоспарлы және күрделі мәселе, оны шешудің дәрежесін жалпы елдің экономикасының дамуының көрсеткіші ретінде көруге болады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің деңгейіне нарықтың келесі факторлары елеулі әсер етеді: нарықтың жеке сегменттерінің еңбек сыйымдылығына сұранысты қанағаттандыру дәрежесі, бәсекелестердің болуы, тауарлардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары, қамтамасыз ету және өткізу желісінің және сатудан кейінгі қызметтің дамуы. Әр тауар үшін

оның бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін бағалау қажет, бұл кейін талдау жасап, сәтті баға саясатын әзірлеу үшін керек. Сатып алушылардың мінез-құлқын зерттеу көрсетіп отырғандай, салыстыру мен таңдау үрдісінде тауарды пайдалану және сатып алу шығындарының пайдалы тиімділігі басқа ұқсас тауарлармен салыстырғанда артығырақ болған тауар жеңіп шығады.

«Тауардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымының мәнін қарастыра отырып, оның «өнім сапасы» ұғымымен өзара байланысына көңіл бөлген жөн. Берілген екі ұғымның нақты байланысы мен өзара толықтыруы көрініп тұр, алайда, жиі жағдайда болатындай, берілген экономикалық категориялардың айырмашылықтарын нақты түсінудің жоқтығына байланысты, оларды ұқсастыру дұрыс емес. Осылай, Е.М. Белый мен С.В. Барашковтың пікірінше, берілген ұғымдарды келесі аспектілерде қарастырған жөн. Біріншіден, кез-келген тауардың бәсекеге қабілеттілігі тек сатып алушының қызығушылығын тудыратын және берілген қажеттіліктің қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін қасиеттерінің жиынтығымен анықталады, ал көрсетілген шектерден тыс шығатын көрсеткіштер бағалау кезінде есепке алынбау қажет, яғни, өндіруші үшін тиімділік көрсеткіштері тұтынушы үшін жиі жағдайда маңызды емес. Екіншіден, өнім сапасының деңгейін анықтаудың қажетті элементі бәсекелестікке қабілеттілікті бағалау кезінде таңдауы біршама қиын болатын қайсыбір негіздік үлгімен салыстыру болып табылады. Үшіншіден, сапаны бағалау мен нысандардың арнауы мен қолдану аясын ғана емес, негізгі конструктивті және технологиялық ерекшеліктерін есепке алып кейінгі бағалауы негізделген болып табылады. Ал негіз ретінде нақты қажеттілікті қанағаттандыру алынатын бәсекелестікке қабілеттілік жайғасымынан қарағанда, элементтік негіз, атқарымдық ұстанымдары, дайындау технологиясы бойынша айырмашылығы бар, бірақ бір қажеттіліктің түрлі қанағаттандыру жолдарын беретін бұйымдарды салыстыру мүмкін. Төртіншіден, қолданыстағы нормативті құжаттарға сәйкес сапаның талдауын жасау тауардың бәсекеге қабілеттілігінің дәрежесінің бағасын бермейді [13; Б. 30-31].

Жоғарыда аталғанға сүйене отырып, егер сапа деп қасиеттердің жиынтығы түсінілсе, бәсекеге қабілеттілік олардың нақты қоғамдық қажеттілікке сәйкес болуымен сипатталады. Бұл жағдайда, бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін бағалау кезінде бір қажеттілікті қанағаттандыратын бірыңғай емес тауарларды салыстыру да мүмкін. Сапаның сипаттамалары, әдетте, өндірушінің мүдделеріне сай анықталады, ал бәсекеге қабілеттіліктің сипаттамалары, ең алдымен, тұтынушының мүдделерін қорғайды. Өнімнің сапасының деңгейі мен техникалық деңгейі қазіргі өндірістің деңгейімен анықталады, ал бәсекеге қабілеттілікті бағалау үшін, оны оның қажеттіліктерінің даму деңгейімен салыстыру керек, бұнда бәсекеге қабілеттіліктің қажеттіліктердің даму деңгейінен артуы жеке сипаттамалар бойынша сатып алушымен бағаланбауы мүмкін және қажетті экономикалық тиімділік бермейді. Осылайша, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру - бұл көп жоспарлы және кешенді тапсырма, оны шешу отандық кәсіпорындар мен жалпы ұлттық экономика үшін басым стратегиялық бағыттама ретінде саналады.

Жоғарыда аталғанның бәрін қорытындылай отырып, Қазақстанның ғаламдық бәсекелестік аймаққа енуінің нақты жолы, біздің ойымызша, келесі бағыттарды жүзеге асыруда екенін айта кету керек:

- кен өндіру салаларында шикізатты алғашқы өңдеу дәрежесін нығайту;
- инвестициялық қаражатты өңдеу салаларына қайта бөлу;
- негізгі капиталға ең аз капитал сыйымдылықты салымдар әдісі ретінде өндірісті жаңарту;
- жаңа технологияларды игеру, ғылыми-техникалық зерттеулер, шикізаттың, материалдардың жаңа қайнар көздеріне капиталды салудан тұратын кәсіпорындардың инвестициялық саясатының бағыттарын әзірлеу;
- халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің ұлттық саясатын әзірлеу;
- импортты қысқарту және отандық тауар өндірушілерін қолдау;
- қазақстандық бәсекелестік ортаның сапасының әлемдік нарықтың аналогтарының сапасымен біртіндеп жақындастыру;

– акциялардың бір бөлігін шетелдік стратегиялық инвесторларға сату арқылы халықаралық дамыған желілерді пайдалану құқығына ие болу мүмкіндігі;

– елде бар жоғары білікті, білімді және сұранысқа ие персоналды пайдалану арқылы қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдардағы индустриалды-инновациялық дамуының Стратегиясын әзірлеу және енгізу өзекті болды, оның мәні мемлекеттің экономиканың қазіргі жоғары технологиялы құрылымын құру және оның шикізатты бағдарлануынан жедел өту бойынша белсенді саясаты болып табылады. Ең басты тапсырмалардың бірінші сатысында бәсекеге қабілетті экспортты өнімді құруға мақсатталған ғылым мен өндірістің күштерін біріктіру болып табылады. Осы бағдарламаға сәйкес 2015 жылға қарай жалпы ішкі өнімді 2000 жылмен салыстырғанда 3,5 есе арттыру, ЖІӨ энергосыйымдылығын 2 есе төмендетіп, еңбек өнімділігін 3 есе арттыру жоспарланды [14].

Жоғарыда аталғанға сүйене отырып, бүгінде республиканың дамуы жүріп жатқан және мақсаты тұрақты экономикалық өсуге («экономикалық өсу» деп ұзақ уақыт аралығында өндірістік күштердің дамуымен байланысты ұлттық өндірістің нақты көлемінің ұзақ уақытты өзгеруі, сонымен қатар, экономиканың және пайдаланылған қорлардың нәтижелерінің өзгеруі саналады) қол жеткізу болып табылатын бағыттар бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы құру арқылы, отандық кәсіпорындарға талаптар кешенін ұсынады, оның сәтті орындалуына жеке алынған шаруашылық бизнес-бірліктің, сонымен бірге, жалпы экономиканың атқарымдылығының тиімділігі тәуелді [15].

1 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента народу Казахстана. – Алматы, 1997.

2 Кенжегузин М.Б. Итоги реформ и проблемы нового этапа развития экономики Казахстана // Трансформация экономики Казахстана (итоги, перспективы). Алматы, ИЭ МОН РК. 2002. - 264 б.

3 Назарбаев Н.А. Основные направления внутренней и внешней политики на 2004 год. Послание Президента народу Казахстана // Казахстанская правда, № 96-97, Алматы, 05.04.03, № 96-97.

4 Назарбаев Н.А. Послание Президента народу Казахстана. //Казахстанская правда, Астана, 19.03.04.

5 Шадиёв Р. Проблемы индустриально-инновационного развития // Саясат –Policy, 2003. – № 11. – 87-90 бб.

6 Кенжегузин М.Б. Индустриально-инновационное развитие Республики Казахстан // Саясат-Policy, 2003. – № 3. – 4-7 бб.

7 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2010 г. Утвержден Указом Президента РК от 4 декабря 2001 г., № 735 // собрание актов Президента РК и Правительства РК, № 43-44. – Астана, 2001. - 452 б.

8 Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана (теория, опыт, проблемы): Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 1998. - 248 б.

9 Сагадиев К.А. Проблемы конкурентоспособности национальной экономики // Саясат-Policy, 2002. – № 12. – 78-82 бб.

10 Турусин Ю.Д., Ляпина С.Ю., Шаламова Н.Г. Стратегический менеджмент: Учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2003. - 232 б.

11 Кныш М.И. Конкурентные стратегии: Учеб. пособие. – СПб.: Любавич, Санкт-Петербург, 2000. – 35 б.

12 Бейсембетов К., Долдаханова Ж., Алипбаева Д., Оспанова А.К. К проблеме конкурентоспособности на рынке потребительских товаров // Аль-Пари, 2001. – № 4. 47-51 бб.

13 Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 гг. Утверждена Указом Президента РК от 17 мая 2003 г., № 1096 // Собрание актов Президента РК и Правительства РК, № 23-24, Астана, 2003. - 247 б.

14 Белый Е.М., Барашков С.В. Конкурентоспособность и качество продукции: два уровня управления // Маркетинг, 2002. – № 4 (65). – 30-31 бб.

15 Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. Государство, предпринимательство и общество. Книга 1: Учебник. – Алматы: Экономика, 2002. - 406 б.

\*\*\*

В статье рассматриваются вопросы стратегии развития в предприятиях пищевой промышленности.

\*\*\*

In article questions are considered, development strategy in the food-processing industry enterprises.